



<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-155-2-143-160>

Ideological Narratives of Peasant Uprisings in Soviet Kazakhstan in the 1920s-1930s (based on the F. Tolstoukhov uprising)

B. Atantayeva^a, R. Akhmetova^a, A. Botabekova^a

^aShakarim University, Semey, Kazakhstan

r.d.akhmetova@mail.ru

Abstract. The article examines the ideological narratives of peasant armed uprisings in Soviet Kazakhstan during the 1920s–1930s, using the rebellion led by F. D. Tolstoukhov as a case study. The relevance of this research stems from the need for a more in-depth analysis of the insurgent movement during the collectivization period, not only as a socio-economic phenomenon but also as a specific form of political and ideological self-determination of the peasantry. The aim of the study is to reconstruct the ideological orientations, motivational patterns, and behavioral strategies of the uprising's participants, as well as to identify the distinctive features of the formation of their political platform. The methodological foundation of the research consists of the principles of historicism, systemic approach, and interdisciplinary approach, as well as elements of microhistorical and narrative analysis. The source base comprises a wide range of archival materials, including documents from central and regional archives of the Republic of Kazakhstan, as well as investigative files of the Joint State Political Directorate (OGPU), containing interrogation records, operational reports, intelligence summaries, and insurgent propaganda materials. The use of these sources made it possible not only to reconstruct the course of events but also to uncover the internal logic and underlying meanings of protest behavior. Special attention is given to the analysis of the rebels' political platform, their slogans, proclamations, rumors, and forms of agitation, reflecting the specific nature of their perception of Soviet power, collectivization policies, and the socio-economic transformations of the late 1920s to early 1930s. It is established that the ideology of the uprising was complex in nature, combining elements of anti-Soviet rhetoric with notions of a “just” peasant authority, “free labor,” and the restoration of traditional forms of economic organization. It is demonstrated that, in the consciousness of the movement's participants, Soviet power was not entirely rejected but rather reinterpreted through the prism of local experience and social expectations. The study concludes that peasant protest movements of this period represented not only a reaction to accelerated socio-economic transformations but also a form of alternative political thinking rooted in the peasant milieu, manifesting in attempts to construct their own model of power and social order. The findings expand our understanding of the nature and content of anti-collectivization uprisings in Kazakhstan and contribute to the historiography of insurgent movements in the Soviet period.

Keywords: East Kazakhstan; peasant uprisings; Tolstoukhov; collectivization; ideological narratives; protest movement

For citation: Atantayeva B., Akhmetova R., Botabekova A. Ideological Narratives of Peasant Uprisings in Soviet Kazakhstan in the 1920s-1930s (on the basis of the F. Tolstoukhov uprising). *Gumilyov Journal of History*. 2026. Vol.155, no.2, pp.143-160. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-155-2-143-160>

Funding. The article was prepared within the framework of the implementation of the scientific project - IRN AP23485479 “Armed demonstrations in the Semipalatinsk district in documents: the history and fate of participants (1929-1931)”. The article was completed with the funding of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Идеологические нарративы крестьянских восстаний 1920-1930 гг. в советском Казахстане (на примере восстания Ф. Толстоухова)

Б. Атантаева^а, Р. Ахметова^а, А. Ботабекова^а

Университет Шакарима, Семей, Казахстан

Аннотация. В статье исследуются идеологические нарративы крестьянских вооружённых выступлений в советском Казахстане в 1920-1930-х гг. на примере восстания под руководством Ф. Толстоухова. Актуальность работы обусловлена необходимостью углублённого анализа повстанческого движения периода коллективизации не только как социально-экономического явления, но и как специфической формы политического и идеологического самоопределения крестьянства. Цель исследования заключается в реконструкции идейных установок, мотивационных моделей и поведенческих стратегий участников восстания, а также в выявлении особенностей формирования их политической платформы. Методологическую основу исследования составляют принципы историзма, системности и междисциплинарного подхода, а также элементы микроисторического и нарративного анализа. Источниковую базу формирует широкий круг архивных материалов, включая документы центральных и региональных архивов Республики Казахстан, а также архивно-следственные дела органов Объединённого государственного политического управления (далее ОГПУ), содержащие протоколы допросов, оперативные сводки, донесения и агитационные материалы повстанцев. Привлечение данных источников позволило не только реконструировать ход событий, но и выявить внутреннюю логику и смысловые основания протестного поведения. Особое внимание уделено анализу политической платформы повстанцев, их лозунгов, воззваний, слухов и форм агитации, отражающих специфику восприятия советской власти, политики коллективизации и социально-экономических преобразований конца 1920-х – начала 1930-х гг. Установлено, что идеология восстания носила сложный характер, сочетая элементы антисоветской риторики с представлениями о "справедливой" крестьянской власти, "свободном труде" и восстановлении традиционных форм хозяйствования. Показано, что в сознании участников движения советская власть не отрицалась полностью, а подвергалась переосмыслению через призму локального опыта и социальных ожиданий. В результате исследования делается вывод о том, что крестьянские протестные движения данного периода представляли собой не только реакцию на форсированные социально-экономические преобразования, но и форму альтернативного политического мышления, укоренённого в крестьянской среде и проявлявшегося в попытках конструирования собственной модели власти и социального порядка. Полученные результаты расширяют представления о характере и содержании выступлений против коллективизации в Казахстане и вносят вклад в развитие историографии повстанческого движения советского периода.

Ключевые слова: Восточный Казахстан; крестьянские восстания; Толстоухов; коллективизация; идеологические нарративы; протестное движение

1920-1930 жж. кеңестік Қазақстандағы шаруалар көтерілістерінің идеологиялық нарративтері (Ф. Толстоухов көтерілісі мысалында)

Б. Атантаева^а, Р. Ахметова^а, А. Ботабекова^а
Шәкәрім Университеті, Семей, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Ф.Д. Толстоухов бастаған көтеріліс мысалында 1920-1930 жылдардағы кеңестік Қазақстанда орын алған шаруалар қозғалысының идеологиялық нарративтері зерделенеді. Зерттеудің өзектілігі ұжымдастыру кезеңіндегі көтерілістер тек әлеуметтік-экономикалық құбылыс қана емес, шаруа қожалықтарының саяси және идеологиялық тұрғыдан өзін-өзі айқындауының айрықша формасы ретінде тереңірек зерделеу қажеттілігінен туындайды. Зерттеудің мақсаты – көтеріліске қатысушылардың идеялық ұстанымдарын, уәждемелік үлгілері мен мінез-құлық стратегияларын қайта жаңғырту, сондай-ақ олардың саяси тұғырнамасы қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Зерттеудің әдістемелік негізі тарихилық, жүйелілік принциптеріне және пәнаралық тәсілдерге, сонымен қатар микротарихи және нарративтік талдау элементтеріне сүйенеді. Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасының орталық және өңірлік архив қорларынан алынған материалдардың ауқымды жиынтығы құрайды. Соның ішінде ОГПУ органдарының тергеу істері, жауап алу хаттамалары, жедел мәліметтер мен баяндамалар, сондай-ақ көтерілісшілердің үгіт материалдары пайдаланылды. Аталған дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу - оқиғалардың қалай өрбігенін қайта жаңғыртып қана қоймай, оқиға желісінің ішкі мәні мен мағыналық негіздерін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Мақалада көтерілісшілердің саяси тұғырнамасын, ұрандары мен үндеулері мен үгіт-насихат формаларын талдау арқылы 1920–1930 жылдардағы кеңестік реформалар мен ұжымдастыру саясатын халықтың қабылдау ерекшеліктері зерделенеді. Көтеріліс идеясының жан-жақты әрі көпқырлы болғаны дәлелденді: ол риториканы "әділ" шаруа билігі, "еркін еңбек" және шаруашылық жүргізудің дәстүрлі формаларын жаңғырту туралы түсініктермен ұштастырған. Қозғалысқа қатысушылардың ұстанымы кеңес өкіметін мүлдем теріске шығармай, қайта жергілікті жағдайлар мен әлеуметтік сұраныстар тұрғысынан қайта пайымдалғаны көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде аталған кезеңдегі шаруалардың наразылық қозғалыстары тек қатысушылардың реформаларға қайтарылған жауабы ғана емес, бұл шаруалардың ішкі болмысынан туындаған дербес саяси ұстанымының көрінісі болды деген қорытынды жасалды. Бұл құбылыс олардың билік жүйесі мен қоғамдық тәртіпті өз таным-түсінігінше орнатуға ұмтылған іс-әрекеттерінен айқын байқалады. Алынған нәтижелер Қазақстандағы ұжымдастыру науқанына қарсылықтың мазмұны мен табиғатын жаңа қырынан ашып, кеңес дәуіріндегі көтерілістер тарихнамасын байыта түседі.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан; шаруалар көтерілісі; Ф. Д. Толстоухов; ұжымдастыру; идеологиялық нарративтер; наразылық қозғалысы

Сілтеме жасау үшін: Атантаева Б., Ахметова Р., Ботабекова А. 1920-1930 жж. кеңестік Қазақстандағы шаруалар көтерілістерінің идеологиялық нарративтері (Ф. Толстоухов көтерілісі мысалында). *Gumilyov Journal of History*. 2026. Т.155, no.2, pp.143-160. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-155-2-143-160>

Қаржыландыру: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы AP23485479 "Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931 ж.ж.)" аясында дайындалған.

Кіріспе

1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басындағы кеңестік Қазақстанда орын алған шаруалар көтерілісінің тарихы – қазіргі отандық тарих ғылымының өзекті бағыттарының бірі. Бұл тақырып ауыл өмірінің дәстүрлі болмысын түбегейлі өзгерткен ұжымдастыру науқанының зардаптарын пайымдау тұрғысынан маңызды. Аталған кезеңде әлеуметтік-экономикалық қайшылықтардың шегіне жете шиеленісуі ауыл тұрғындарының арасында наразылықтың өршуіне және олардың бейбіт қарсылықтан қарулы күреске ауысуына түрткі болды.

Шаруалар қозғалысының себептері мен барысы туралы зерттеулердің молдығына қарамастан, көтерілістердің идеологиялық мазмұны, наразылық санасының қалыптасу тетіктері мен қатысушыларды жұмылдырудағы идеялық негіздемелердің маңызы әлі де болса толыққанды ашылмай келеді. Осыған орай, көтерілісшілердің идеялық ұстанымдары мен ұрандарын талдау мәселенің ғылыми өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің мақсаты – Ф.Д. Толстоухов бастаған көтеріліс мысалында кеңестік Қазақстандағы шаруалар қозғалысына тән идеологиялық нарративтерді айқындау және олардың мән-мағынасын ашу.

Мақаланың әдістемелік негізі тарихилық, объективтілік және жүйелілік принциптерін басшылыққа ала отырып, оқиғаларды жекелеген деректер негізінде қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін микротарихи тәсілге сүйенеді. Архивтік-тергеу материалдарын, оның ішінде ОГПУ органдарының құжаттарын пайдалану – оқиғалардың фактілік желісін нақтылауға ғана емес, сонымен бірге сол кезеңдегі ахуалдың билік пен көтерілісшілер тарапынан қалай қабылданғанын тарихи-әлеуметтік контексте саралауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік негізін республикалық және өңірлік архивтерде сақталған, партиялық және атқарушы билік органдарының ашық қолжетімді құжаттары құрайды. Бұл кешенге шаруалардың қарулы көтерілістерінің себеп-салдарлары мен сипатын ашатын дереккөздер – билік тарапынан қабылданған қаулылары мен нормативтік-құқықтық актілер жатады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің архивіндегі (ҚР ПА) 141-қордың және Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивіндегі (ШКО МА) 1276-қордың материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің негізгі өзегін ҚР ИМ Алматы және Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивтерінде (Алматы ПД АМА, ШКО ПД АМА) сақталған құжаттар құрайды. Мәселен, "Толстоухов бандысын айыптау ісіне" қатысты он бір томдық материалда Ф. Толстоухов бастаған "контрреволюциялық ұйым" мүшелерін жауапқа тарту және тіркеу хаттамалары жинақталған. Көтерілісшілердің көбі қарулы қақтығыс басталғанға дейін-ақ тұтқындалған. Жоспар бойынша көтеріліс 1930 жылдың 20 ақпанында Семей округінің аумағында (соның ішінде Қытаймен шекаралас аудандарда) басталуы тиіс еді, алайда ОГПУ алдын ала тұтқындау шараларын жүргізді. Соған қарамастан, көтеріліс бір күн кешігіп – 21 ақпанда Зырян және Өскемен аудандарында көтеріліс ошақтары пайда болды.

Қолжетімділігі шектеулі дереккөздерге қарулы көтеріліс қатысушыларының архивтік-тергеу материалдары мен көптомдық айыптау істері жатады. А. Тепляков "қолжетімділігі

қиын" (Тепляков 2018: 232) деп сипаттаған мұндай құжаттар зерттеліп отырған кезеңнің макро және микротарихын егжей-тегжейлі зерделеуде құнды мәліметтер береді. Бұл материалдардың бірегейлігі оқиғалар барысын қайта жаңғыртуға, оның динамикасына әсер еткен маңызды тұстарды анықтауға және "ауызша тарих" үзінділері арқылы нақты тарихи жағдайды айқындауға мүмкіндік береді.

ОГПУ-дың ішкі іс-қағаздарын жүргізу үлгісімен қалыптасқан архивтік материалдардың ақпараттық әлеуеті өте жоғары және олар пәнаралық зерттеулер жүргізуге жол ашады. Ондағы түрлі дереккөздерден құралған "Анықтамалар..." мен "Меморандумдар" шынайы құнды "жедел құжаттар" (Тепляков 2018: 241) болып табылады. Бұл құжаттарды ғылыми айналымға енгізу көтеріліс кезеңіндегі халықтың күнделікті өмірін, аман қалу стратегиялары мен бейімделу тәжірибелерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, архивтік-тергеу істерінде сақталған: үндеухаттар, плакаттар мен прокламациялар арқылы "шағын адамдардың" тағдырын, олардың мінез-құлық мотивтері мен қарсылық формаларын (пассивті және активті) жаңа қырынан тануға болады. Ведомстволық архивтермен қатар, қосымша растаушы деректердің тартылуы архивтік-тергеу хаттамаларында сипатталған оқиғалардың шынайылығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Мақала авторлары жалпы ғылыми тарихи әдістер кешеніне, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріндегі әдістемелік тәсілдерге сүйенді.

Әдебиеттерге шолу

Кеңес тарихына қатысты шетелдік әріптестеріміздің ғылыми жарияланымдары, ең алдымен, сыртқы оқырманға және олар сипаттап отырған жағдайды айқындауға бағытталған. Шетелдік кеңесшілер тар шеңбердегі тақырыптарды зерттей отырып, өз материалдарын публицистика мен ғылыми ойдың тоғысында қалыптастырады. Кеңес мемлекетінің тарихы бойынша зерттеу жүргізу барысында шетелдік ғалымдар Ресей архивтерінің материалдарына, ал Қазақстан тарихын қарастырғанда – қазақстандық архив деректеріне сүйенеді. Орыс тілді оқырман қауым үшін бұл монографиялардың көпшілігі ірі баспа корпорациялары тарапынан аударылып, жарық көргеннен кейін ғана танымал бола бастайды. Мәселен, Қазақстанда Р. Киндлердің монографиясы қазақ тіліндегі аудармасы арқылы кең жұртшылыққа таныстырылды (Киндлер 2023).

Ресейде аударылып басылған осындай еңбектердің бірі – Л. Виоланың шаруалар бүлігіне арналған монографиясы. Шетелдік ғалымдар шаруалардың наразылық көңіл-күйі мен қарулы қарсылығын "ауыл мен қала арасындағы" азамат соғысы ретінде сипаттайды. Л. Виола атап өткендей, егер шаруалар қарулы әрекеттерге көшсе, демек олар "өз дауыстарын толық естіруге" бел буған (Виола 2010: 13). Алайда, олардың арасында ОГПУ мәліметтері мен материалдарында әртүрлі мәртебеге ие болған "естілмеген дауыстар" ("Неуслышанные голоса" 1987) да бар еді. Л. Виола шаруалардың наразылық көңіл-күйін антропологиялық тұрғыдан көрсетеді: олар не ойлады, қалай өмір сүрді немесе аман қалды, қолдарына қару алғанда неден үміттенді (Виола 2010: 13). Н. Пианчоло мен А. Жарасовтың жарияланымның ерекшелігі – авторлар ұсынған тақырып бойынша еуропалық тарихшылардың еңбектеріне терең шолу жасауы және ведомстволық архив материалдары негізінде көтеріліс тақырыбының микротарихын жасауды ұсынуы болып табылады (Пианчоло, Жарасов 2020: 13).

Мәселені зерттеуге отандық тарихшы Т. Алланиязов елеулі үлес қосты (Алланиязов 2001, 2022, 2009). Т. Алланиязов – көтеріліс тақырыбы бойынша санаулы кәсіби мамандардың бірі, оның зерттеулері мәселенің тарихнамасы мен деректануына айтарлықтай үлес қосып, әлі де зерттелуі тиіс әлеуетті маңызды және келешегі зор тақырыптарға назар аудартады. Тек оның еңбектерінен ғана қазақстандық тарихнамаға, соның ішінде көтеріліс тақырыбы бойынша сыни шолуларға негізделген ең толық талдауларды кездестіруге болады (Алланиязов 2023, 2024, 2025a, 2025b).

Барлық көтеріліс қозғалыстарының маңызды құрамдас бөлігі – қауесеттер, арандатушылық мәлімдемелер және т.б. болды. Көтерілісшілер өз іс-әрекеттерін үндеулермен, ұрандармен, парақшалармен қолдап отырды; зерттеп отырған көтеріліс те бұдан тыс қалған жоқ. Көтерілісшілердің қауесеттері мен үндеулері тақырыбы көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қозғалған, олар шаруалар көтерілісінің ауызша тарихының үзінділерін айқындайды (Виола 2010, Омарканова 2024).

Мемлекеттік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау комиссиясының жұмысы аясында соңғы үш жылда Қазақстанның аймақтарында, соның ішінде Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында көтеріліс қозғалысының тарихы бойынша бұрын белгісіз болып келген материалдар жарияланды. Зерттеліп отырған 1929-1931 жылдардағы хронологиялық кезеңде жоғарыда аталған облыстар біртұтас Семей округін құраған болатын. Осы аумақтағы көтерілістер тарихы, соның ішінде Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау және Толстоухов көтерілістері бойынша мәселелер жарық көрді (Байсарина 2025; Атантаева 2024; Atantayeva 2025). Дегенмен, "Толстоухов көтерілісінің" тарихы бойынша Ф. Толстоуховтың саяси тұғырнамасына талдау жасалған және оқиғалар егжей-тегжейлі сипатталған бұрынғы басылымдардан басқа (Жанбосинова 2018) жаңа материалдар әлі анықтала қойған жоқ.

Нәтижелер мен талқылау

1929-1931 жылдары Қазақстанда 397 көтеріліс тіркелді, оның ішінде 25 қарулы көтеріліске шамамен 80 мың адам қатысты (Алланиязов, Таукенов 2009). Қарулы көтеріліс атауларының көп бөлігі территориямен, топонимикалық кеңістікпен байланысты болды. Қазақстан аумағындағы өзге көтерілістермен салыстырғанда, зерттеліп отырған көтерілістің бірегейлігі бірнеше факторлармен айқындалады: біріншіден, жетекшісінің тегіне байланысты "Толстоухов көтерілісі" деп аталуымен ерекшеленеді; екіншіден, жоспарлану ауқымы мен таралу географиясының кеңдігімен сипатталады; үшіншіден, Қытай аумағындағы кеңестік билікке қарсы эмиграциямен байланысты болуымен айқындалады; төртіншіден, арнайы әзірленген саяси платформасы мен айқын көрініс тапқан көтеріліс идеясының бағыт-бағдарымен анықталады.

1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басындағы әлеуметтік-саяси жағдай халық арасында наразылық әрекеттердің пайда болуына ықпал етіп, олардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамытуға және идеологиялық платформаларды қалыптастыру сияқты жаңа мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға жағдай туғызды. Көтерілісті ұйымдастыруда 1887 жылы туған Орел губерниясының тумасы Федор Дорофеевич Толстоухов ерекше рөл атқарды. Ф. Толстоухов қызықты әрі ерекше тұлға, 1909 жылы революционер ретінде Бұхтарма өлкесіне жер аударылған (Жанбосинова 2018).

Ф. Толстоуховтың идеялық көзқарастарының қалыптасуына шаруалардың меншігіне қатысты биліктің қайшылықты саясаты әсер еткен. Сонымен қатар, большевиктер

жариялаған "жер-шаруаларға" ұранын жүзеге асыру барысында шаруалардан ауыл шаруашылық өнімдерін күшпен тартып алу тәжірибесі бұл идеялық бағытты кең көлемде жүзеге асыруға негіз болды.

Ф. Толстоуховтың жергілікті шаруалар мүддесін қорғау әрекеті алдымен оны партиядан шығаруға, содан кейін қайта қалпына келтіріп, губерниялық комитеттің мүшесі және РКП (б) XI съезіне делегат ретінде сайлануына әкелді. Зырянов ауданындағы жергілікті партиялық қызметкерлермен болған қайшылық нәтижесінде, олар Ф. Толстоуховты азық-түлік салығы саясатын бұзып, фракциялық күреске қатысы бар деп айып-тағандықтан, ол Қиыр Шығысқа көшуге мәжбүр болды. Ф. Толстоуховтың 1929 жылдың мамыр айында Отанына оралуы экономикалық жағдайдың шиеленісіп, шаруалар наразылығының күшейе түскен кезеңімен тұспа-тұс келді. Зырян ауданының ауылдық кеңестерінде колхоз құрылысына қарсы шыққан оппоненттерге қатысты жүргізілген барлық істің хаттамаларында жалпы бірдей формула қолданылды: "... жаппай ұжымдастыру негізінде, колхоз құрылысына кедергі келтіретін, Кеңес өкіметіне қарсы тұрған класс ретінде жою"¹.

"Толстоухов көтерілісінің" ошағы Зырянов ауданының Пихтовый ключ ауылы болды. 1929 жылы көтеріліс қарсаңында бұл аудан Қытай шекарасына жақын аумақты жерді алып жатты. Семей округінің орталығымен телеграф желісінен басқа, Ертіс өзенінің бойымен Гусиная станциясына дейін параходпен байланыс орнатылды. ОГПУ дерегі бойынша көтеріліс отрядтарына келесі топтар кірген: "... бұрынғы кулактар, кулаққа айналған қызыл партизандар, ауылдағы кеңес өкіметіне қарсы элемент, қуғынға ұшырағандар, сондай-ақ кеңес өкіметінің іс-шараларына наразылық танытқан орташа және кедей шаруалар..."².

"Контрреволюциялық ұйымның" міндеттеріне Семей округінің басым бөлігін және оның шегінен тыс, Жетісу шекарасы бойында, Сібір аймағында, Оралда, сондай-ақ Қытаймен шекаралас аудандарда қарулы көтеріліс ұйымдастыру және "таза шаруалар билігін" құру кірді. Осы мақсатта Ф. Толстоухов Сібір өлкесінің округтерімен байланыс орнату бойынша шаралар қабылдады.

Архив материалдарына сәйкес Ф. Толстоухов "1929 жылдың шілдесінен бастап, контрреволюциялық топ құру бойынша ұйымдастырушылық жұмысты" бастады. Құрылған топтардың негізі үштік болды, олар ұйымдастырушылық және көшбасшылық рөлге ие болды. Топ құрылған үштіктермен кеңейтіліп отырды³. Жаңа топтарды ұйымдастыру қажеттілігін Ф. Толстоухов келесідей түсіндіреді: "көтеріліс басталған кезде олар біртұтас ұйымға бірігіп, алдымен бір ауылды басып алып, кейін оған жақын орналасқан келесі ауылға өтуі тиіс. Семей қаласына дейінгі жолды екі тәулік ішінде жүріп өтуге болады, әрине, бұл үшін телеграф байланысын үзу қажет"⁴. Көтерілістің дайындығы мен аумағына қарай, Зырян ауданынан алыс орналасқан Самар, Көкпекті, Қатонқарағай аудандарының тұрғындары, сондай-ақ Өскемен, Риддер, Зайсан қалаларының тұрғындарының тартылғанын ескере отырып, Ф. Толстоухов округ бойынша көтерілістің бір мезгілде жүзеге асатынына үміттенген. Ф. Толстоуховтың белсенді көмекшілері патша армиясының бұрынғы офицерлері Кленовицкий, Зинковский, Паутов және т.б. болды. Ф. Толстоуховтың қазақ ауылдары да кірген кірген, онда көтеріліске дайындық үшін топтар да ұйымдастырылған⁵. Ф. Толстоухов бастапқыда қазақ ауылдарын қосуға және олармен ынтымақтасуға дайын болды. Осы мақсатта оның елшілері ауылдың ауқатты адамдарымен байланыс орнатып, олар жергілікті биліктің күш қолдану қысымына ұшырады. Архивтік-тергеу материалдарында, атап айтқанда, Калель (Халель) Онов,

Мухамбет Муканов, Нұрғали Самаев, Хадыбул Сасанов, Қасен Токсанов және т.б. тұлғалардың есімдері кездеседі. М. Самаевтың үйінде Толстоуховтың адамдары қазақ байларымен кеңестер өткізген. Архив материалдарына сәйкес, Күршім ауданының үшінші, төртінші және алтыншы аудандарында "контрреволюциялы топтар" құрылды. Ф. Толстоухов өз серіктерімен, оның ішінде қазақ тілін білетін көмекшісі Сливкинмен бірге, ОГПУ отрядтарының қуғынынан құтылу мақсатында қозғалыс жолында жиі қазақ ауылдарына барып, ет, нан және басқа да азық-түлік өнімдерін сатып алған⁶.

Зевакино, Барашки, Таврия ауылдарында және басқа да көптеген ауылдарда Ф. Толстоухов топтары жұмыс істеген. ОГПУ деректеріне сәйкес, мұндай ұйымдар Рубцовск пен Омскке дейінгі ауылдардың барлығында дерлік қызмет еткен. Зевакино ауылындағы топты ағайынды Чекаловтар Егор мен Яков, Мартынов Федот, Шабалкин Петр, Барашки ауылындағы топты Толмачев Николай басқарды. Зевакин тобында үш пулемет, 10 наган револьвері болған, сондай-ақ Өскеменнен винтовкалармен жабдықталған үш арбаның жеткізілуі жоспарланған⁷.

Мякотиха ауылында топты Семен Бурнашев басқарған, ал оның белсенді қатысушылары, кейіннен әскери құрылымдардың жетекшілері болып Михаил Какоулин, Петр Какоулин, Дмитрий Никитин, Семен Екимов, Василий Селезнев, Осип Палкин, Николай Усенко және Гусиная елді мекенінен Семен Лопатин қызмет атқарған. 1930 жылдың ақпан айында өткен жиналыста Семен Бурнашев өз жақтастарына топтың шекарадан Қапал мен Новосібірге дейінгі кең аумақты қамтитынын хабарлады. Аталған топтың Бұхтармадағы бас жетекшісі етіп Федор Толстоуховты атады⁸.

Нәтижесінде көтеріліс басталғанға дейін іс жүзінде барлық топтар қарумен қамтамасыз етіліп, көтеріліске дайын болған.

Ф. Толстоуховтың жоспарлары мен іс-әрекеттері негізделген әрі жүйелі іс-шараларды қамтыған. Көтеріліс бір күн ішінде қалада да, ауылда да мың шақырымға дейінгі аумақта басталып, Түркістан-Сібір теміржолын басып алумен жүзеге асуы тиіс болған. Ол теміржолды басып алу көтерілісшілерге қарсы Қызыл Армияның тұрақты әскери бөлімдерін тасымалдауды шектеуге мүмкіндік береді деп болжады. Екінші жағынан, көтерілісшілердің кең көлемді тобы Қытай шекарасынан Оралға дейін таралғанына қарамастан, олардың көтерілісшілерге барлық жерде қолдау табуға және билікті қан төкпей басып алуға деген аңғал үміттері болған. Өз идеяларын қолдауды ол билік тарапынан қысым көрген шаруалардан іздегенімен, көтеріліс армиясына бұрынғы ауқатты шаруаларды, яғни "кулактарды" жинауға ұмтылып, негізгі басымдылықты соларға бағыттаған⁹.

Ф. Толстоухов көтерілістің бастапқы жоспарында телеграфты алдын ала өз адамдары арқылы басып алуды қарастырған. Оның ойынша, бұл биліктің тез әрекет етіп, қарулы көтеріліске қарсы шара қолдануына кедергі келтіруі тиіс еді. Сонымен қатар, кеңестік және қоғамдық ұйымдар орналасқан, билікпен тікелей немесе жанама байланысты Мемлекеттік мекемелерге шабуыл жасау жоспарланды. Бұл әрекеттер кеңес және партия қызметкерлері мен кедей белсенділері және оларды қолдаушыларды тұтқындаумен толықтырылуы тиіс болатын. Ф. Толстоухов өз серіктестерін террордан бас тартуға және одан аулақ болуға шақырған. Ол кеңес билігін құлатқаннан кейін тұтқындау немесе ату жазасын қолданудың орнына, көтерілісті қолдаудан бас тартқан коммунистерді Оралдан тыс жерге, КСРО-ның орталық аймақтарына жіберуді ұсынған. Оның пікірінше, "олар сол жақта өз коммуналарын құра берсін, ал біз Сібірде автономды түрде өмір сүретін боламыз" деген¹⁰.

Семей округінің аудандарындағы көтерілісшілер топтарын жоюға ОГПУ органдары 1930 жылғы 17 ақпанда кірісіп, 20 ақпанға қарай 72 адамды қамауға алды. Істің сәтсіздікке ұшырай бастауы мен алауыздықтың күшеюіне, сондай-ақ түрлі пікірлердің болғанына қарамастан, жаппай тұтқындаулар дүрбелең туғызды. Соның салдарынан көтерілісшілер отрядтары ішінара орманды аймақтарға, ішінара таулы өңірлерге ше-гінуге мәжбүр болды¹¹. Көтерілісшілер әрекеттерінің бытыраңқы және ұйымдасу деңгейінің төмендігіне қарамастан, олар белгілі бір дәрежеде топтасып, жекелеген елді мекендерде билікті уақытша өз қолдарына алып, ауылдық кеңес мүшелерін тұтқындауға қол жеткізген.

Ауылдардағы Толстоухов қарулы көтерілістерінің барысы А.Жанбосинованың еңбектерінде көрініс тапты (Жанбосинова 2018: 192-204). Көтеріліс алдын ала әзірленген жоспарға сәйкес басталды: көтерілісшілер ішінара қаруланып, кеңес билігі өкілдері мен жергілікті белсенділерді тұтқындады, комиссарларды қарусыздандырды, тұтқындалған жақтастарын босатып, жекелеген елді мекендерде нақты бақылау орнатты. Көтеріліс идеясы штаб құру, отрядтар ұйымдастыру, халықты жұмылдыру (соның ішінде мәжбүрлеу), ауылдардағы билікті басып алу және көтеріліс туралы ақпаратты көрші аудандарға тарату сияқты іс-қимылдар арқылы жүзеге асырылды. Көтерілісшілер ұжымдастыруға және Кеңес өкіметіне қарсы белсенді үгіт-насихат жүргізіп, "еркін еңбек" және "еркін сауда" ұрандарын насихаттады, сондай-ақ қозғалыстың Алтай, Орал мен Сібірге дейін таралуын мақсат етті.

Қозғалыс қатысушылары халықты көтеріліс отрядтарына белсенді түрде тартумен айналысты, үндеулер таратты. Мысалы, Мякотиха ауылындағы негізгі көшедегі аркаға қызыл мата іліп, "Колхоздарға, бесжылдыққа, коммунистерге және тонауларға жол жоқ, еркін еңбек пен саудаға даңқ" деген ұран жазды. Сонымен қатар, олар "Жолдастар, біз бірікпесек болмайды, билікті өз қолымызға аламыз, тонаулар мен ұжымдастыруға жол жоқ, еркін еңбек болсын" деген ұрандармен митингілер ұйымдастырды¹².

Көтеріліске тартылған елді мекендерде халықты жұмылдыру кейде қару қолдану және ату қаупін ескерту арқылы жүзеге асырылды. Көтеріліс басшылары қозғалысқа тартылатын халықтың көңіл-күйінің, саяси ұстанымдарының тұрақсыздығын түсінді. Қашып кетудің және олардың "қызылдар" жағына өтіп кетуінің алдын алу мақсатында, тұтқынға түскен көтерілісшілер мен коммунистерге қатысты азаптау мен қорлау әрекеттері орын алады деген мазмұндағы қауесеттер әдейі таратылды. Нәтижесінде, тұтқынға түспеудің "ең қолайлы" жолы ретінде адамның өз-өзіне оқ атып өмірін қиюы жөнінде бұрмаланған түсінік қалыптастырылды. Көтеріліске тартылатын кедей бұқараға қатысты көтеріліс басшылары мен белсенділері бұйрықты орындаудан бас тартқан жағдайда, оларды атуға дейін баратын қарулы күш қолдануға дейін барды. Бұл әрекеттер "Бізде қызылдарға жететін оқ болмаса да, сендерге жетеді. Барлығы да көтеріліске қатысуы тиіс" деген мазмұндағы сөздер айтылды¹³.

Айта кету керек, көтерілісшілер жақсы жиналғанымен, ұйымдасқан түрде қарсылық көрсете алмады, бірақ соған қарамастан олар өз күштерін бір деңгейде дұрыс жұмсай алды. ОГПУ мәліметтері бойынша Зырян ауданының Зубовка және Крестовка ауылдары маңында, сондай-ақ Горно-Ульбинка, Северное және Винное ауылдарында көтерілістің ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу мақсатында шамамен 400-ге жуық көтерілісші, ал Мякотиха ауылында 300-ге жуық көтерілісшілер шоғырланған делінген.

Ф. Толстоуховтың Самар ауданында да құрылған көтерілісшілердің үштік басқару комиссиясының стратегиялық және шекаралық жағдайына да ерекше назар аударылды.

Қолайсыз жағдай туындаған кезде оның позициясы кейін шегінуге мүмкіндік беретін. Кейінгі ОГПУ-дің көтерілісшілердің жоспарларын бұзу жөніндегі белсенді әрекеттеріне байланысты жағдайлар Ф. Толстоуховтың Самар ауданын сақтық шарасы ретінде пайдалану тактикасы да оң нәтижесін көрсетті. Самар ауданының Пантелеймоновка ауылы ерекше рөлге ие болды, себебі осы ауылдағы көтерілісті 18 ақпанда (кейбір деректерде 24 ақпанда) Қытайға босқын ретінде кеткен Ф. Толстоухов ұйымдастырған¹⁴. Қытай шекарасына қарай өз жақтастарымен бірге жолға шыққан Ф. Толстоухов кеңес билігіне қарсы шыққан және оған наразылық білдірген адамдардың арасында жиналыс өткізді. Онда ол: "...Риддерде, Семейде, Өскеменде көтерілістер болып жатыр... коммунистерді қарудан айыруды бастау қажет... Егер бастайтын болсаңдар бастайық, ал бастамайтын болсаңдар мен Қытайға кетемін...", деді. Пантелеймоновка тұрғындары дереу көтеріліске шығуға келіспеді, бірақ жолға шыққан өкілдері қуып жеткеннен кейін, Ф. Толстоухов кері қайтып, көтерілісті қайта басқарды¹⁵. Одан кейінгі болған оқиғалар Толстоуховты көтерілісті қайта бастау жоспарынан бас тартып, өз серіктерімен бірге Қытайға қашуға мәжбүр етті.

Қытайға жеткеннен кейін Ф. Толстоухов бастаған топ қарусыздандырылып, қамауға алынды және әскери күзетпен Шәуешек генерал-губернаторының алдына жеткізілді. Генерал-губернатор Толстоухов пен оның көмекшісі Кленовицкийді жеке тергеуге алды. Тергеу аяқталғаннан соң Толстоухов пен оның серіктері Добырылджынге жіберілді, онда тоғыз күн қамауда болды. Біраз уақыттан кейін Шәуешек губернаторы өз өкілін Добырылджын комендантына жіберді. Олар бірлесіп Толстоуховтың алдына келіп, оның Қытай аумағында әрі қарай тұтқында болуының мүмкін еместігін жеткізді. Бұл шешім Қытай мен КСРО арасындағы келісім және Кеңес дипломатиялық өкілдігінің ресми талаптарына негізделген еді. Осыдан кейін комендант Толстоухов пен оның серіктестерін босатып, оларға Шара-Сумаға кедергісіз баруға мүмкіндік берді¹⁶. Негізінде, Қытай билігі Шәуешек губернаторы арқылы, өз үкіметінің шектеу шараларына және Кеңес консулының бірнеше рет жасаған талаптарына қарамастан, Ф. Толстоуховты және оның тобын Кеңес билігіне беруден бас тартты. Олар Чункур ауылына орналасып, Қытай аумағында жүріп-тұрудың заңды мүмкіндігіне ие болды. ОГПУ мәліметтері бойынша, Ф. Толстоухов өзі басқарған топпен "КСРО-дан қашып шыққан және қуғын-сүргіннен жасырынып жүрген контрреволюционерлер тобын" алып келді, бұл Қытайға "Кеңес Одағының босқындарына кіруге тыйым салынғанына» қарамастан жүзеге асты. Барлық шетелдіктерге Қытайға кіру үшін рұқсат алу міндеттелді, ал Қытай мен КСРО шекаралас аймақтары арқылы заңсыз босқындардың келуі "шеттетілгендер санаты" қатарына жатқызылды ([Наземцева 2012: 201](#)).

Қытайда болған кезінде Толстоухов эмигранттық казак топтарымен – бұрын Анненков әскерінде қызмет еткен Чункурдағы Александр Безсоновпен және Шара-Сумэдағы Грымкинмен байланыс орнатты. Алайда олардың Зайсанда көтеріліс жасау мақсатында қарулы топ жасақтау, еріктілерді жұмылдыру және қару-жарақпен қамтамасыз ету әрекеттері сәтсіз аяқталды. Көңілі қалған Толстоухов өз пікірін былай деп қорытындылады: "Шетелде тек біреудің басып алып берген дайын билігіне отыру көзделеді ешқандай күш салмай; барлығы ауқаттылар, әскер жинау қиын, айтарлықтай қаржы керек. Жалпы, шетелге ешқандай үміт жоқ. Менің ойымша, билікті өз халқымыздың мүддесі үшін жаулап алу қажет, шетелдің көмегіне сүйенбей, қайтадан саудагерлер ұрпақтарының билікке келуіне жол бермеу керек"¹⁷. Батыс Қытайда қоныстанған ақ эмигранттар тобы терең рухани және материалдық дағдарыстан өтті

және бүлікшілердің идеясы мен жалпы олардың идеологиясы оларға қажетті шабыт бермеді. Чункурде жүрген кезінде Ф. Толстоухов Сібірдің бүкіл аумағында көтеріліс басталғаны туралы мәлімет алады. Кеңес билігінің құлатылғанын және елді жаңа билік басқарып отыр деп есептеп, қайтып оралуға шешім қабылдайды. Зайсан ауданының Қаратал ауылында тұратын Боровцев, Стрельцов, Шашкин деген тұрғындарынан халықтың қолдауымен көтерілісті ұйымдастыру туралы мәселені талқылау ұсынысын алады. 13-14 адамнан тұратын отрядпен шекарадан өтіп, Қараталға алты шақырым жерде кездесуге келген Ф. Толстоуховты шекарашылар күтіп тұрады. Ф. Толстоуховқа сәттілік нәтижесінде аман қалады. Ол осы кезде Отанға оралуға қатысты соңғы шешімін қабылдап, шекараны Қатон-Қарағай маңынан кесіп өтуге бел буады. 1930 жылдың шілде айының басында оған Безсонов, Кленовицкий және Якубов қосылды¹⁸.

1930 жылдың жазында Қытайдан оралған Ф. Толстоухов алдыңғы тәжірибені ескере отырып, көтерілісті ұйымдастыруға тағы да әрекет жасайды. Бірінші кезекте ОГПУ жойған ұйымдар мен байланыстарды қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. Екіншіден, Ф. Толстоухов Семей округі мен Алтай, Сібір өлкесі сияқты жақын маңдағы шекара аумақтарындағы барлық белсенді және белсенді емес антикеңестік топтарды біріктіруге шешім қабылдады. Халық арасында кеңестік билікке қарсы насихаттың жасырын түрлерін жандандыруды қолға алды. Толстоухов өзіне адал адамдар тобымен бірге Зырян ауданының Кутиха ауылында орналасты. Бұл ауыл көтерілісшілердің уақытша штабы ретінде қызмет атқарды. Біраз уақыттан кейін штабтың орналасқан жері Зырян ауданы мен Ойратия ауданының қосылған жерінде орналасқан қиыршық тас асуына көшірілді¹⁹. Өте қысқа мерзімде Толстоухов байланысты қалпына келтіріп, көтерілісті қайта ұйымдастыру процесін іс жүзінде қайта бастады, тіпті оны 1930 жылдың тамыз айында жүзеге асыруды жоспарлады. Екінші кезеңде ол көтерілісті бастау тактикасын өзгертті: алдымен көтеріліс Өскемен мен Риддерде басталады деп мәлімдеді, одан кейін ауылдар қосылып, олар көтерілісті Орал мен Сібірге дейін кеңейтуді жоспарлады. Мүмкін Толстоухов ықтимал қауіптерді есепке алған болар, ол қолайсыз нәтиже туындаған жағдайда Қиыр Шығысқа қарай кететінін атап көрсетті.

Семей округінің жеделтобы Ф. Толстоуховтың жоспарларын екінші рет бұзды, алайда оған Бұқтарма өзені арқылы жасырын қашуға мүмкіндік болды. 1930 жылғы 28 қыркүйекте өзеннің төменгі ағысында оны дайындалған тосқауылдың көмегімен өлтірді. Қаза болған адамның Ф. Толстоухов екендігі туралы актіге оның ең жақын туыстары қол қойды²⁰.

ОГПУ-дің тексерілмеген мәліметтері бойынша Ф. Толстоуховтың "бандасына" 900-ге жуық адам қатысты, оның 160-ы өлтірілді, 70-і жараланды, 3-уі өз-өзіне қол жұмсады, 597 адам тұтқынға алынды²¹. Архив материалдарына сәйкес, жедел-тергеу шаралары барысында 269 адам қаралған, көптомдық архивтік-тергеу ісі бойынша ОГПУ үштігі арқылы 152 адам өткен, оның 31-і ату жазасына кесілген²².

Ф. Толстоуховтың саяси платформасы бірінші кезеңде Кеңес өкіметін қарулы түрде құлатуға бағытталған болатын, оған "Коммунистерсіз Кеңес өкіметі", "Еркін еңбек ұзақ өмір сүрсін", "Колхоздар мен ұжымдастыру жойылсын", "Бесжылдық пен индустрияландыру жойылсын" ұрандары дәлел болды. Біртұтас сенімдес адамдармен сөйлескенде Ф. Толстоухов "Таза Кеңестік билік" тіркесін жиі қолданған²³.

Кеңес өкіметі тұсындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар Ф. Толстоуховтың идеялары мен көзқарастарының түбегейлі өзгеруіне ықпал етті. Партизан ретінде ол патша өкіметіне қарсы бостандық, теңдік және бауырмашылдық

саясаты үшін күресті. Кеңес өкіметі "Бостандық. Теңдік. Бауырластық» саясатын ұсын-ғанымен, Ф. Толстоуховтың пікірінше, шын мәнінде, феодалдық жүйені қалпына келтіріп, шаруаларды колхоздар мен совхоздарға қосу арқылы тәуелді етті. "Ал еркін еңбек қайда? Мен халықты коммунистік қамыттан шығарып, шаруалар қалаған бостандықты бергім келеді". Оның мақсаты үкіметті халық (шаруалар) сайлауына және шаруалар билігін орнатуға бағытталған²⁴. Көтерілісшілердің пікірінше, мәселе "халыққа қарсы коммунистерде" болды. Ф. Толстоухов одақтастарын қолдай отырып, барлық коммунистер бірдей емес екендігін айтты. Шаруалардың үндеулері билік басындағы Қызыл империяға қарсы бағытталған: "Азаматтар... Кеңес билігі бізді алдады, бізге еркіндік пен теңдікті уәде етті, бірақ орнына қатты қысым көрсетті. Біз... шаруа халық ретінде жалған диктатураны көріп, зорлыққа төзбедік, өз маңдай терімізбен келген еңбегімізді қорғауға көтерілдік; осылайша шаруашылық пен мемлекеттің беріктігін нығайтамыз. ...Кеңес билігі алғашында бізге қажет нәрсені берді, алайда өкінішке орай ВКП(б) партиясы бесжылдық жоспарды жедел жүзеге асыру арқылы бізге қысым көрсетті; шаруа қожалықтарын күйзеліске ұшыратты; шаруаларды аяусыз қыспаққа алды..."²⁵. Олардың пікірінше, барлық мәселе дұрыс ойластырылмаған экономикалық саясат болды, сондықтан көтерілісшілер бес жылдық жоспарға қарсы шығып, астық пен ет дайындаудың шамадан тыс берілген жоспарларына наразылықтарын білдірді. Олардың барлық ұрандары "Еркін еңбек" терминімен байланысты және ұжымдастыруға қарсы бағытталған: "Бесжылдық жойылсын, ұжымдастыру жойылсын, Еркін еңбек пен еркін сауда дамысын" болды²⁶.

Көтерілісшілердің үндеулері түбегейлі әрекеттерге жол ашты: "Сіз бұл биліктен жалықпадыңыз ба, неге бармайсыз? оны құлату керек"; "Коммунистер басқаратын билікті емес, таза Кеңестік билікті адал қорғауыңыз керек"²⁷. Көтерілісшілер тез ұйымдастырылатын митингілер әдісін қолданды, онда сөз сөйлеушілердің негізгі идеясы келесідей болды: "Азаматтар, барша арамтамақтар мен тонаушылардан құтылу уақыты келді, зорлық-зомбылық пен құлдықты жою қажет. Біздің артымызда миллиондаған көтерілген әскерлер тұр, бәрің бізге қосылыңдар, коммунистер мен тонаушылар жойылсын, еркін шаруашылық жасасын!"²⁸.

Ұрандардағы нақты жағдайды талдау мазмұны "бостандықты ұрлаған" коммунистерді Кеңес өкіметінен шығаруға бағытталған (Омарканова 2024: 46).

Көтерілісшілердің идеялық платформасы Ф. Толстоуховтың сөзінде көрініс тапқан: "Кеңес өкіметі зорлық-зомбылық пен қысымсыз, бірден социалистік құрылысқа көшу арқылы жүзеге асуы керек; бұрын билік жүргізген және қазір бізге бұрынғы байлықтары үшін қысым көрсетіп отырғандарды орнынан алу қажет, олар біздің елді күйретуге тырысады" (Омарканова 2024: 44).

Қорытынды

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басындағы кеңестік Қазақстанда орын алған шаруалар көтерілістері – тек әлеуметтік наразылық қана емес, астары терең, көпқырлы құбылыс болған. Бұл қозғалыстар мемлекеттің қатал саясатына берілген жауап қана емес, халықтың билікке деген өзіндік балама көзқарасын да танытты. Соның ішінде, Ф. Толстоухов бастаған көтерілісті зерделеу барысында наразылықтың нақты саяси тұғырнамасы болғаны анықталды. Ол тұғырнама "таза кеңес өкіметі" идеясын қолдау, еңбек бостандығын талап ету және

күштеп ұжымдастыру саясатына үзілді-кесілді қарсы тұру секілді өзекті бағыттарды біріктірді.

Архивтік дереккөздерді талдау көтерілісшілерді жұмылдыруда үгіт-насихат тәжірибелері – ұрандар, үндеулер, қауесеттер мен ауызша үгіт-насихат шаралары шешуші рөл атқарғанын көрсетті. Осы тәсілдер арқылы "жау бейнесі" қалыптасып, қарсылық әрекеттері заңдастырылған. Сонымен қатар, көтерілісшілердің ұстанымы қайшылықты сипатта болды: олар кеңестік саясаттың нақты іс-қимылдарына қарсы шыққанымен, кеңес өкіметі идеясынан түпкілікті бас тартқан жоқ, керісінше, билікті "коммунистік идеологиядан тазартуды" мақсат тұтты.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Ф. Д. Толстоуховтың тұлғалық беделі көтерілісшілердің басын біріктіруде шешуші рөл атқарған. Оның жеке ұстанымы мен саяси тәжірибесі қозғалыстың идеологиялық негізінің қалыптасуына тікелей ықпал етті. Дегенмен, ресурстардың тапшылығы, ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктер және жазалаушы аппараттың жазалаушы органдарының қатал іс-қимылдары көтерілістің жеңіліс табуына негізгі себеп болды.

Қорыта келе, қарастырылып отырған кезеңдегі шаруалар көтерілістеріне тек әлеуметтік наразылық қана емес, билік, әділдік және қоғамдық құрылым туралы баламалы көзқарастар тоғысқан ерекше саяси мәдениеттің көрінісі ретінде баға берген жөн. Зерттеу нәтижелері кеңестік Қазақстандағы қарсылық қозғалыстарының табиғатын тереңірек ұғынуға жол ашады және олардың идеологиялық негіздерін зерделеудің маңыздылығын айқындай түседі.

Acknowledgments

The authors of the article express their gratitude to the editorial team and the reviewers.

Алғыс

Мақала авторлары редакция ұжымына және рецензенттерге алғысын білдіреді.

Благодарности

Авторы статьи выражают благодарность редакционной коллегии и рецензентам.

Ескертулер

1. Аналитические обзоры ПП ОГПУ по внутреннему положению региона. Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік архиві (әрі қарай ШҚО МА). 1276 қ. 1 т. 105 іс. 11 п.
2. Обзоры ПП ОГПУ по Семипалатинской губернии. Шығыс Қазақстан облысы Полиция Департаментінің Арнайы Мемлекеттік Архиві (әрі қарай ШҚО ПД АМА). 19 қ. 1 т. 3641 іс. 206 п.
3. Секретная переписка (передачи по прямому проводу. Алматы қаласы Полиция Департаментінің Арнайы Мемлекеттік Архиві (әрі қарай Алматы ПД АМА). 1 қ. 1 т. 11317 іс. 5 т. 5-6 пп.
4. Секретная переписка (передачи по прямому проводу. Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 1 т. 13 п.
5. Сводки ПП ОГПУ о социально-политической обстановке в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 11 қ. 1 т. 27 іс. 13 п.

6. Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 5 т. 245 п.
7. Материалы ОГПУ по крестьянским движениям в КАССР. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 1 т. 2748 іс. 9 п.
8. Оперсводки ОГПУ по борьбе с бандитизмом в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 2 т. 3749 іс. 240 п.
9. Сводки ПП ОГПУ о социально-политической обстановке в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА 9 қ. 1 т. 27 іс. 63-66 пп.
10. Сводки ПП ОГПУ о социально-политической обстановке в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 11 қ. 1 т. 27 іс. 14 п.
11. Секретные сводки ПП ОГПУ по борьбе с антисоветскими выступлениями. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 1 т. 3398 іс. 5-6 пп.
12. Оперсводки ОГПУ по борьбе с бандитизмом в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 2 т. 3749 іс. 245 п.
13. Оперсводки ОГПУ по борьбе с бандитизмом в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 2 т. 3749 іс. 246 п.
14. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 9 т. 490 п.
15. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 9 қ. 1 т. 11317 іс. 397 п.
16. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 136-137 пп.
17. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. т. 11. 138 п.
18. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 11 т. 140 п.
19. Докладные записки ОГПУ о настроениях населения КАССР. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 1 т. 2089 іс. 142 п.
20. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 11 т. 154 п.
21. Секретная переписка. ҚР ПА. 141 қ. 17 т. 455 іс. 43-60 пп.
22. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 8 т. 548-549 пп.
23. Сводки ПП ОГПУ о социально-политической обстановке в Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 11 қ. 1 т. 27 іс. 17 п.
24. Информационные отчёты ПП ОГПУ по КАССР. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 1 т. 1894 іс. 101 п.
25. Секретная переписка (передачи по прямому проводу). Алматы ПД АМА. 1 қ. 1 т. 11317 іс. 1 т. 213 п.
26. Доклады ПП ОГПУ по крестьянским восстаниям в КАССР. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 1 т. 3376 іс. 44 п.
27. Оперсводки ПП ОГПУ по Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 2 т. 3743 іс. 18 п.
28. Донесения, оперсводки ПП ОГПУ по Семипалатинской губернии. ШҚО ПД АМА. 19 қ. 2 т. 3746 іс. 176 п.

Әдебиеттер тізімі

- Atantayeva B., Akhmetova R., Shcheglova T., Botabekova A. Protest sentiments and survival strategies of the kazakh population in the 1929-1930s: behavioral motives and forms of resistance. *Gumilyov Journal of History*. 2025. T.152, no.3, pp.60-78. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-60-78>
- Алланиязов Т. Директивы Семипалатинского оперсектора ОГПУ как источник по изучению вооруженных выступлений казахских шаруа в период коллективизации. В: *Казахстан на пути к государственной независимости: история и современность*. Материалы Международной научно-практической конференции. Семипалатинск. 2001. часть II. С.217-222.
- Алланиязов Т., Таукенов А. Последний рубеж защитников номадизма. *История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы)*. Алматы: ОО "OST – XXI век". 2009. 424 с.
- Алланиязов Т. "Доклад о боевых действиях оперативной группы в Казахстане в марте, апреле и мае 1930 года", как исторический источник. *Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение*. 2022. Т.141, no.4, с.7-21. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-141-4-7-21>
- Алланиязов Т. Против дилетантизма в изучении истории народных восстаний 1929-1931 гг. *Вестник КазНУ. Серия историческая*. 2023. Т.108(1), с.196-205. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1653/932>
- Алланиязов Т. *Вооружённые выступления и повстанческие движения 1929-1931 годов в Казахстане: историография и источниковедение*. Караганда: ТОО "Типография Арко". 2024. 222 с.
- Алланиязов Т. Публикация документов из архивно-следственных дел на участников вооруженных восстаний 1929-1931 годов: достижения и просчеты. *Вестник КазНУ. Серия историческая*. 2025а. Т.116(1), с.242-252. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1996/1077>
- Алланиязов Т. Народные восстания и протесты 1928-1932 гг. в Казахстане. *Gumilyov Journal of History*. 2025b. T.153, no.4, с.91-110. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-91-110>
- Атантаева Б., Ботабекова А., Турлыбаев М. Семей округінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: әкімшілік озбырлық және оның салдары (1928-1930 жж.). *Вестник университета Шакарима. Серия Исторические науки*. 2024. No.1, с.74-91. <https://history.shakarim.kz/index.php/my/article/view/52/16>
- Байсарина К., Карибаев М., Турлыбаев М. Семей округіндегі шаруалардың ауылды күштеп модернизациялау кезеңдегі қарсылығы (1929-1931 жж.). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.150, no.1. с.128-151. <https://jhistory.enu.kz/index.php/jHistory/article/view/21/175>
- Бранденбергер Д. Роль насилия и фальсификаций при подготовке протоколов допросов эпохи сталинизма. *Новейшая история России*. 2023. Т.13. no.2, с.376-399. <https://doi.org/10.21638/srbu24.2023.208>
- Виола Л. *Крестьянский бунт в эпоху Сталина: коллективизация и культура крестьянского сопротивления*. Москва: Фонд первого Президента России Б. Ельцина. 2010. 367 с.
- Жанбосинова А. Толстоуховский мятеж в источниках и материалах. *Отан тарихы*. 2018. Т.83, no.3, с.192-203. <https://otan.history.iie.kz/main/issue/view/19/20>
- Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане* / Пер. с нем. Л. Пантиной. Москва. 2017. 382 с.
- Наземцева Е. История русской эмиграции в Китае 1920-40 гг.: эволюция правового статуса. *Человеческий капитал*. 2012. No.5(41), с.198-205.
- Неуслышанные голоса: *Документы Смоленского архива*. Кн. 1: 1929. Кулаки и партейцы. Сост. С. Максудов. Ann Arbor: Ardis. 1987. 286 с.
- Омарканова А., Жанбосинова А. Листовки, воззвания и прокламации в деревне в конце 1920-х

– начале 1930-х гг. (на примере Казахской советской автономии). *Известия Алтайского государственного университета*. 2024. No.5(139), с.41-47. [10.14258/izvasu\(2024\)5-05](https://doi.org/10.14258/izvasu(2024)5-05)

Пианчоло Н., Жарасов А. Неуловимые мятежники: исследование восстаний накануне Великого голода в Казахстане (1929-1931 гг.). *Вестник КазНУ. Серия историческая*. 2020. Т.97(2), с.34-43. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/914/654>

Тепляков А. *Деятельность органов ВЧК-ГПУ-ОГПУ-НКВД (1917-1941 гг.): историографические и источниковедческие аспекты*. Новосибир. гос. ун-т экономики и управления. Новосибирск: НГУЭУ. 2018. 434 с.

References

Atantayeva B., Akhmetova R., Shcheglova T., Botabekova A. Protest sentiments and survival strategies of the Kazakh population in the 1929-1930s: behavioral motives and forms of resistance. *Gumilyov Journal of History*. 2025. T.152, no.3, pp.60-78. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-60-78> (in English)

Allaniyazov T. Direktivy Semipalatinskogo opersektora OGPU kak istochnik po izucheniiu vooruzhennykh vystuplenii kazakhskikh sharua v period kollektivizatsii. In: *Kazakhstan on the Path to State Independence: History and Modernity. Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii*. Semipalatinsk. 2001. chast II. pp.217-222. (in Russian)

Allaniyazov T., Taukenov A. Poslednii rubezh zashchitnikov nomadizma. *Istoriia vooruzhennykh vystuplenii i povstancheskih dvizhenii v Kazakhstane (1929-1931 gody)*. Almaty: OO "OST – XXI vek". 2009. 424 p. (in Russian)

Allaniyazov T. "Doklad o boevykh deistviakh operativnoi gruppy v Kazakhstane v marte, aprele i mae 1930 goda", kak istoricheskii istochnik. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*. 2022. T.141, No.4, pp.7-21. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-141-4-7-21> (in Russian)

Allaniyazov T. *Protiv diletantizma v izuchenii istorii narodnykh vosstanii 1929–1931 gg. Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history*. 2023. T.108(1), pp.196-205. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1653/932> (in Russian)

Allaniyazov T. *Vooruzhennye vystupleniia i povstancheskie dvizheniia 1929-1931 godov v Kazakhstane: istoriografiia i istochnikovedenie*. Karaganda: Arko Printing House LLP, 2024. 222 p. (in Russian)

Allaniyazov T. *Publikatsiia dokumentov iz arkhivno-sledstvennykh del na uchastnikov vooruzhennykh vosstanii 1929-1931 godov: dostizheniia i proshchety. Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history*. 2025. Vol.116(1), pp.242-252. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1996/1077> (in Russian)

Allaniyazov T. Narodnye vosstaniia i protesty 1928-1932 gg. v Kazakhstane. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.153, No.4, pp.91-110 <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-91-110> (in Russian)

Atantayeva B., Botabekova A., Turlybaev M. Semei okruginde auyll sharuashylyғын ۇzhymdastyru: әkimshilik ozbyrlyқ zhәne onуң saldary (1928-1930 zhzh.). *Bulletin of Shakarim University. Series: Historical Sciences*. 2024. No.1, pp.74-91. <https://history.shakarim.kz/index.php/my/article/view/52/16> (in Kazakh)

Baisarina K., Karibayev M., Turlybayev M. Semei okrugindegi sharualardyң auyldy kyshtep modernizatsiialau kezeңdegi қарсылуғы (1929-1931 zhzh.). *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.150, No.1, pp.128-151. <https://jhistory.enu.kz/index.php/jHistory/article/view/21/175> (in Kazakh)

Brandenberger D. *Rol nasiliia i falsifikatsii pri podgotovke protokolov doprosov epokhi stalinizma. Modern history of Russia*. 2023. Vol.13, No.2, pp.376-399. <https://doi.org/10.21638/spbu24.2023.208> (in Russian)

Viola L. *Krestianskii bunt v epokhu Stalina: kollektivizatsiia i kultura krestianskogo soprotivleniia*.

- Moscow: Foundation of the first President of Russia Boris Yeltsin: 2010. 367 p. (in Russian)
- Zhanbosinova A. Tolstoukhovskii miatezh v istochnikakh i materialakh. *History of the Homeland*. 2018. Vol.83, No.3, Pp.192-203. <https://otan.history.iie.kz/main/issue/view/19/20> (in Russian)
- Kindler R. *Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane* / Per. s nem. L. Pantinoi. Moscow. 2017. 382 p. (in Russian)
- Nazemtseva E. Istoriia russkoi emigratsii v Kitae 1920-40 gg.: evoliutsiia pravovogo statusa. *Human Kapital*. 2012. No. 5 (41), Pp. 198-205. (in Russian)
- Neuslyshannyye golosa: *Documents from the Smolensk Archive*. Kn. 1: 1929. Kulaki i partiytsy. Sost. C. Maksudov. Ann Arbor: Ardis. 1987. 286 p. (in Russian)
- Omarkanova A., Zhanbosinova A. Listovki, vozzvaniia i proklamatsii v derevne v kontse 1920-kh – nachale 1930-kh gg. (na primere Kazakhskoi sovetskoi avtonomii). *Izvestiya of Altai state university*. 2024. No5(139), pp.41-47. [10.14258/izvasu\(2024\)5-05](https://doi.org/10.14258/izvasu(2024)5-05) (in Russian)
- Pianciola N., Zharassov A. Neulovimyye miatezhniki: issledovanie vosstaniia nakanune Velikogo goloda v Kazakhstane (1929-1931 gg.). *Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history*. 2020. Vol.97, No.2, pp.34-43. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/914/654> (in Russian)
- Teplyakov A. *Deiatelnost organov VChK-GPU-OGPU-NKVD (1917–1941 gg.): istoriograficheskie i istochnikovedcheskie aspekty*. Novosibirsk State University of Economics and Management. Novosibirsk: NSUEM, 2018. 434 p. (in Russian)

Information about authors

- Bakyt Zh. Atantayeva** – Doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, 20A Glinka Street, 071412, Semey, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>, bakytatantaeva@gmail.com
- Raushan D. Akhmetova** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Shakarim University, 20A Glinka Street, 071412, Semey, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>, r.d.akhmetova@mail.ru
- Aizhan R. Botabekova** – lecturer, Shakarim University, 20A Glinka Street, 071412, Semey, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>, a.botabekova@shakarim.kz

Авторлар туралы мәлімет

- Бакыт Жумагазиевна Атантаева** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>, bakytatantaeva@gmail.com
- Раушан Дюсенбековна Ахметова** – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Шәкәрім университеті, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>, r.d.akhmetova@mail.ru
- Айжан Рымбековна Ботабекова** – оқытушы, Шәкәрім университеті, Глинка көшесі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>, a.botabekova@shakarim.kz

Сведения об авторах

- Бакыт Жумагазиевна Атантаева** – доктор исторических наук, профессор, Университет Шакарима, Глинка 20А, 071412, Семей, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>, bakytatantaeva@gmail.com
- Раушан Дюсенбековна Ахметова** – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Университет Шакарима, Глинка 20А, 071412, Семей, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>, r.d.akhmetova@mail.ru
- Айжан Рымбековна Ботабекова** – преподаватель, Университет Шакарима, Глинка 20А, 071412, Семей, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>, a.botabekova@shakarim.kz

Authors contribution

Atantayeva B.Zh. developed the overall research concept, defined its aims and objectives, conducted a theoretical and methodological analysis of the problem, prepared the main text of the article, and formulated the conclusions and generalizations.

Akhmetova R.D. analyzed archival documents, participated in the collection and interpretation of empirical data, and made necessary revisions and additions in accordance with the aims and objectives of the article.

Botabekova A.R. prepared the bibliographic review, contributed to structuring the material, and assisted in formatting the article.

Авторлардың үлесі

Атантаева Б.Ж. зерттеудің жалпы тұжырымдамасын әзірлеп, оның мақсаттары мен міндеттерін айқындады; мәселе бойынша теориялық және әдіснамалық талдау жүргізді; мақаланың негізгі мәтінін дайындады; қорытындылар мен тұжырымдар қалыптастырды.

Ахметова Р.Д. архив құжаттарына талдау жасады; тәжірибелік деректерді жинауға және олардың мағынасын ашуға қатысты; мақаланың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізді.

Ботабекова А.Р. библиографиялық шолу әзірлеп, материалды жүйелеуге және мақаланы рәсімдеуге көмектесті.

Вклад авторов

Атантаева Б.Ж. разработала общую концепцию исследования, определила его цели и задачи, провела теоретический и методологический анализ проблемы, подготовила основной текст статьи, сформулировала выводы и обобщения.

Ахметова Р.Д. проанализировала архивные документы, участвовала в сборе и интерпретации эмпирических данных, внесла необходимые правки и дополнения в соответствии с целями и задачами статьи.

Ботабекова А.Р. подготовила библиографический обзор, внесла свой вклад в структурирование материала и помогла в оформлении статьи.

Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest. / **Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 09.03.2026.

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 17.04.2026.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.04.2026.